

Қаламызда талантты зағип азаматтар үшін арнайы ұйымдастырылған «Шамшырак» өнірлік өнер фестивалі болып өтті.

Фестиваль зағип азаматтардың мүмкіндіктері туралы түсінікті өзгертуге, олардың қоғамға қосқан ерекше үлесін көрсетуге, қоғамда он қозғалыс қалыптастыруға, шығармашылықта керемет нәтижелерге жол жеткізе алатынын көрсетуге, инклюзивтілікке жол ашуға бағытталған.

Облысымыздың түкпір-түкпірінен келген қатысушылар тактильді өнер, проза, поэзия, актерлік шеберлік, аспапта орындау, вокалдык орындау секілді номинациялар бойынша бақ сынасты.

Ақын-жазушылардан, мәдениет-өнер майталмандарынан, қоғам қайраткерлерінен, елімізге белгілі вокалист және хореограф мамандардан құралған жазылар алқасы мүшелері ұсынылған жұмыстарды тақырыпқа сәйкестілігі, стилінің бірегейлігі, инновациялық және эксперименттік қозғалысы, қорерменге эмоционалды әсер етуі және т.б. бойынша бағалады.

Бастысы аталмыш фестиваль зағип адамдардың проблемалары мен қажеттіліктері туралы қоғамның хабардарлығын арттыруға, әр адамның тең мүмкіндіктері бар инклюзивті қоғам құруға және қору қабілеті нашар адамдардың қоғамның мәдени-шығармашылық дамуы үшін ерекше қабілеттері мен таланттары бар екенін баса көрсетуге арналған.



